

#6

(942)

14 сәуір

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ


jasqazaq.kz

jasqazaqkz

БАРЕКЕЛДІ!

ҚАРАҒАНДЫ
ОБЛЫСЫНДА БІРҚАТАР
АУЫЛДАРДЫҢ
ОРЫСША АТАУЫ
ҚАЗАҚШАЛАНАДЫ.
АТАП АЙТҚАНДА,
«БҰҚАР ЖЫРАУ
АУДАНЫНДАҒЫ
НОВОСТРОЙКА –
АТАМЕКЕН, ОСАКАРОВ
АУДАНЫНДАҒЫ
ЗВЕЗДНЫЙ – ЖҰЛДЫЗ,
ТЕЛЬМАН – НИЯЗ,
КОМСОМОЛЬСКОЕ –
ҚАЙЫҢДЫ, СЕНОКОСНОЕ
– ҚАРАТОМАР,
ТЕЛЬМАНСКОЕ –
ҚАРАКӨЛ, ЧАПАЕВО
– ЖАҢАТОҒАН БОЛЫП
ӨЗГЕРЕДІ.

АРҚАДАҒЫ АУЫЛДАР ҚАЗАҚША АТАУЫМЕН ҚАУЫШАДЫ



KASPI.KZ САЯХАТҚА
ШЫҚҚАНДЫ ҰНАТАТЫНДАР
ҮШІН ЖАҢА СЕРВИСТІ ҚОСТЫ.
ЕНДІ KASPI TRAVEL БӨЛІМІНДЕ
ҰНАҒАН ТҮРДЫ ТАҢДАП,
САТЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.
KASPI.KZ-ТІҢ БАСШЫСЫ ӘРІ
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ
БІРІ МИХАИЛ ЛОМТАДЗЕ
БЫЛАЙША ТҮСІНДІРДІ: «БІЗ
ЖЕТЕКШІ ТУРОПЕРАТОРЛАРМЕН
БІРЛЕСІП, ТҮР ТАҢДАП, САТЫП
АЛУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА
СЕРВИСТІ ҚОСТЫҚ. ЕНДІ KASPI.
KZ-ПЕН ҰШАҚҚА БИЛЕТ ПЕН Т/Ж
БИЛЕТІН САТЫП АЛҒАНДАЙ,
СМАРТФОНЫҢЫЗДЫҢ
ЭКРАНЫНАН ТҮРДЫ ДА
ЖЕҢІЛ ӘРІ ОҢАЙ САТЫП АЛА
АЛАСЫЗ.»

BRENT \$86.46

USD 448 T

EUR 494 T

RUB 5,5 T

БІЛІК

СТРАТЕГИЯЛЫҚ
СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы аптада елімізге ресми сапармен келген Әзірбайжан президенті Илхам Әлиевпен кездесті. Президенттер арадағы сауда-экономика саласындағы қарым-қатынастың айтарлықтай ілгерілеп келе жатқанына көңілдері толатынын мәлімдеді. Тараптар стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың



негізгі мәселелерін жан-жақты талқылады. Былтыр екіжақты тауар айналымы 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жетті. Қасым-Жомарт Тоқаев екі

елдің экономикалық әлеуетін толыққанды пайдалана отырып, бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізуге мүмкіндік бар екенін атап өтті.

«ОРТА ДӘЛІЗ» – ОҢТАЙЛЫ БАҒЫТ



Қазақстан мен Әзірбайжан басшылары Астанада өткен келіссөзде көлік-транзит мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Бұл ретте Шығыс пен Батысты бір-біріне төте жолмен жалғайтын Транскаспий («Орта дәліз») бағытының маңызы айрықша зор. Осыған орай, халықаралық сарапшы Әлкей Марғұланұлының Ұлттық арнадағы «Ашық алаң» бағдарламасында аталған тақырып төңірегінде айтқан пікірін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

«Екі президенттің іскерлік форматта шұғыл кездесуі – екі мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуден туындап отырған шара. Халықаралық деңгейде соңғы үш жылда болған өзгерістерге зер салатын болсақ, Еуразия кеңістігіндегі көршілес екі мемлекет – Ресей мен Украина арасындағы соғыс жүк тасымалы, көлік дәліздері Ресей арқылы өтетін Қазақстанға үлкен сын болды. Оны жасырмау керек. Біріншіден, мұнайымыздың 78 пайызы Ресейдің Новороссийск айлағына КТК құбыр желісі арқылы жеткізілетінін ескерсек, (осы бағытқа) қаншалықты тәуелді екенімізді көрдік. Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бір жолы – Транскаспий үлкен логистикалық

дәлізі. Біз үшін Еуропаға қажетті табиғи ресурстарды және өзге өнімдерді Каспий арқылы Әзірбайжанға, одан әрі Грузия, Түркия арқылы Еуропа нарығына жеткізудің бір жолы болып табылады. Сол себепті бұл кездесу Қытайдағы Ляньюньгань портынан басталып, оңтүстік-шығыс Еуропа елдеріне жеткізілетін жол, яғни Транскаспий бағытын, соның ішінде «Орта дәлізді» пысықтап алуды көздеді. Былтырғы келіссөздер негізінде Қазақстан

Үкіметінің 2022-2026 жылдарға арналған «Орта дәлізді» дамыту жоспарына сай жүзеге асырылып жатыр. Қазақстан Президентінің де, Әзірбайжан Президентінің де қазір ойлануға уақыты жоқ. Тез шешім қабылдау қажет. Екі-үш жылда уақытты тиімді пайдаланып, балама жолдарды дамытуға бар күшімізді салуымыз керек. Біз соңғы жылдары ғана тасымалды әртараптандыруға (диверсификация) мән бере бастадық. 30 жыл бойы Ресей белгілі бір дәрежеде жүзеге асыртпаған балама жолдарды дамытуға бар күшімізді салуымыз



керек. Бұл үшін Каспий мен Ақтау портының әлеуетіне, инфрақұрылымға мән бергеніміз жөн».

МЕНІҢ ПІКІРІМ

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАЙ КЕЗЕҢДЕ ДЕ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙҒАН ЕМЕС. БІЗДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК, ШЕКАРА ҚАУІПСІЗДІГІ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚАУІПСІЗДІГІ, ЭКОЛОГИЯНЫҢ, ТАБИҒАТТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСҚА ДА САЛАНЫҢ ӨЗІНДІК ҚАУІПСІЗДІГІ БАР. БҰЛАРДЫҢ ІШІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ӨТЕ ЖОҒАРЫ.



болды екен» деп амалсыз ашып оқуға тура келеді. Қазір елдің де еті өліп, көзі үйреніп кетті ме, аса елеңдей қоймайды.

Ақпарат қауіпсіздігінің тыныштығын бұзуға себеп болатын тағы бір мәселе – жалған мәліметтің жұрт құлағына жетуі. Қазақтың «Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» деген сан соғып,

өтірікті ажырата аласың», – дедім. Кешке қарай тағы да телефон шалды. «Тілеуқабыл, сенің айтқаның рас болды, мен қауесетке сенген екем» деді. Жалғыз бұл кісі емес, жалған ақпараттың жетегіне ерген қаншама адам дүрлікті, шатасты. Міне, осындай елді дүрліктіретін, қоғамдық дүмпу тудыратын жалған ақпарат тарату да қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Қазір ақпарат желдей жүйтікпен заман. Түрлі жаңалықтар ағыны жан-жақтан құйылып жатыр. Сонда әрбір адам өзіндік ішкі таным-түсінігімен түйсігіне тоқтатып сараптау қажет, қорытып алған соң ғана өзгеге жеткізуі керек. Әйтпесе, «самаурын суалды дегенді Самарқанды су басты» деп айтуға

Тілеуқабыл МЫҢЖАСАР, ардагер журналист:

«САМАУРЫН СУАЛДЫ» ДЕГЕНДІ «САМАРҚАНДЫ СУ БАСТЫ» ДЕП АЙТАТЫНДАР КӨП...

Әр адамның аузынан шыққан сөз де ақпарат. Сондықтан қазақтың «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» дегенін ұмытпау керек. Ауызды бағып сөйлеген абзал. Өйткені тісіңнен шыққан сөз бүтіндей бір елді дүрліктіріп жіберуі мүмкін.

Ақпарат қауіпсіздігін нығайтудың бірден-бір жолы – бақылауды, қадағалауды күшейту. Әсіресе, сөз терген, қалам ұстаған «арқалағаны алтын, жегені жантақ» журналистер БАҚ-та айтар сөзін де, жазған пікірін де «жеті рет өлшеп бір рет кескені» жөн. Өйткені эфирден айтылып, болмаса газет бетінде, ғаламтор порталдарында, сайттарда жаңсақ, жалған ақпарат жарық көрсе, елді екіұдай күйге қалдырады. Халық өте сенгіш. Елп еткен ебелекке де, жалт еткен көбелекке де еруге бар. Осыны жадымыздан шығармауымыз керек.

Бәзбір сайттарда жарияланатын ақпараттың, болған оқиғаның желісі «сұмдық» деген сөзбен басталады. Алғашында мұндай тақырыптарға денең түршігетін, «нендей сұмдық

опық жеуі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бір мекеменің құрылғанына 30 жыл толуына орай «әрбір адамға ақшалай сыйақы үлестіріп жатыр» деген қауесетке ергендер қалай дүрліккенін де білеміз.

Ақпарат саласында ұзақ жыл еңбек етіп жиған тәжірибеме сүйеніп айтарым, кез келген маңызды ақпараттың негізгі көзі мемлекеттік ақпарат құралдарында жарияланады. Бір мысал айтайын. Жақында таныс кісі хабарласты. «Естідің бе, елге белгілі бір кісі қайтыс болыпты. Әлеуметтік желіден оқыдым. Рас па?», – дейді. Мен ол кісіге: «Бұл ақпараттың рас-өтірігін қайдан білуге болады? Мемлекеттік телеарнадан көрсетеді, хабарлайды, егер рас болса. Соған қарап та рас пен

әуестігі артатындар көп. Хайп дей ме, фейк дей ме, неше түрлі ақпарат тарайды. Соны қорытатын миға обал кейде.

Ақпарат қауіпсіздігіне қатер төнем десе, аяқ астынан, кез келген сәтте сап ете түседі. Әлеуметтік желі ресми ақпарат құралдарына айтарлықтай тосқауыл болып келе жатқаны да шындық. Ел арасында жасы келген кісілердің өзі әлеуметтік желі, сайттардағы ақпараттардың беталысына үрке қарайды. «Бұл дегенің сұмдық, масқара, сорақы» деп тақырыпты айқайлатып жазады. Ақпарат қауіпсіздігіне өте абай болғанымыз абзал, тек ресми арналардың, сенімді ақпарат көздерінің мәліметіне ғана сүйену қажет екенін халыққа ұғындыра білу керек.

«БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» – 10 ЖЫЛ



БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ «БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БІРНЕШЕ ЖОБА ЖЕМІСТІ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. СОНЫҢ БІРІ – ШЕЛЕК ДӘЛІЗІНДЕГІ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ. БҰЛ СТАНСАНЫ ҚЫТАЙДЫҢ POWER CHINA КОРПОРАЦИЯСЫ МЕН «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ БІРЛЕСІП САЛДЫ.

Жылына 200 млн кВт/с электр қуатын өндіретін станса былтыр шілдеде іске қосылды. Соның нәтижесінде еліміздің оңтүстігінде электр энергиясының тапшылығы айтарлықтай азайып, ауаға таралатын зиянды қалдықтардың мөлшері азайды.

Жуырда ҚХР Бас консулдығының жас дипломаттары мен Алматыдағы бірнеше университеттің студенттерін



ЖАҢҒЫРТПАЛЫ ҚУАТТЫҢ СЕНІМДІ КӨЗІ

Чжан ХУА,
Бас консулдың орынбасары:

«Екі елдің жас буыны білімі мен қажыр-қайратына, инновацияға құштарлығына сүйеніп, өзара түсіністік пен сенімді нығайта түседі деген үміттеміз. Қытай мен Қазақстан арасындағы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан достық қарым-қатынас жаңа дәуірде әрмен қарай бекіп, мына жел электр құрылғысы сияқты тоқтаусыз айналып, мәңгілік өмір сүрсін!».



Бас консулдың орынбасары Чжун Хуа бастап, бас-аяғы 30 шақты адам Шелек дәлізіндегі жел электр стансасына барып қайтты.

Жастар желдің күшімен айналып, мыңдаған үйге экологиялық таза энергия жеткізетін құрылғыларды өз көзімен көрді.



ҚАЗАҚСТАН

АРДАҚ НАЗАРОВ:

МҰНДАЙ АЗҒЫНДЫҚ
ӨЗ ОТБАСЫҢЫЗҒА КЕЛСЕ,
ТӨЗЕСІЗ БЕ?!

**МӘЖІЛІС
ДЕПУТАТЫ АРДАҚ
НАЗАРОВ ЛГБТ-
НЫҢ ЕЛ ӨМІРІНЕ
СЫНАЛАП КІРІП
ЖАТҚАНЫНА
АЛАҢДАУШЫЛЫҚ
БІЛДІРДІ.**

«8 сәуірде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы митинг болады деген. Жиналғандар әйел теңдігін айтудан бастап, соңында азғындықты насихаттады. Өрімдей балалар, арасында оқушылар да бар, ЛГБТ жалауын жамылып жүр», – деді Назаров. Ол отандық ақпарат кеңістігінде бір жынысты неке, жынысын ауыстыру туралы көп жазыла бастағанына қынжылыс білдірді.

«Насихаттаушылардың артында Батыстың халықаралық ұйымдары тұр. Ең сорақысы, гей-пропаганда қазір Астана мен Алматы секілді ірі қалалардың жекеменшік мектептерінде ашық насихатталып жатыр. Мұны оқушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларынан көріп жүрміз. «Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады» дейді атам қазақ. Қанымызға сіңіп кетпей тұрғанда, дереу алдын алу шараларын қолға алу қажет», – деді Ардақ Назаров.



Ол осы депутаттық сауалдан кейін қоғамда түрлі пікірлер мен тартыс болуы мүмкін екенін ескертті: «Қарама-қайшы пікір айтатын, қарсы шығатын азаматтарға айтарым: күндердің бір күнінде ертең сіздің ұлыңыз, немереңіз келіннің орнына еңгезердей қызтекені үйге ертіп келсе, немесе аялап өсірген қызыңыз еркекшорамен «отау құрып» жатса, толерантты болып, батаңызды бересіз бе? Бұл – үлкен қасірет. Мұндай азғындық өз отбасыңызға келсе төзесіз бе?!».

Депутат теріс ағымдарды насихаттайтын ақпарат көздерінен сақтайтын заң нормаларын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуді, елдегі оқу орындарында ұлттық құндылықтарды, мәдениетті насихаттау сабақтарын оқытуды ұсынды.

УГАНДА

**ЖУЫРДА УГАНДА
ПАРЛАМЕНТИ ӨЗДЕРІН
ЛГБТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА
ЖАТҚЫЗАТЫН АДАМДАРДЫ
ТЕМІР ТОРДЫҢ АР ЖАҒЫНА
ТОҒЫТУДЫ, КЕЙ ЖАҒДАЙДА
ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСУДІ
КӨЗДЕЙТІН ЗАҢ ЖОБАСЫН
МАҚҰЛДАДЫ. УГАНДА
ПРЕЗИДЕНТІ ЙОВЕРИ
МУСАВЕНИ ЗАҢҒА ҚОЛ
ҚОЙСА, БҰЛ ЕЛДЕ ӨЗІН ГЕЙ
НЕМЕСЕ ЛГБТ-НЫҢ БАСҚА
ӨКІЛІ ДЕП ТАҢУ ҚЫЛМЫС
БОЛЫП САНАЛАДЫ.**

ДАВИД БАГАТИ:

БҰЛ – БАЛАЛАРДЫҢ
БОЛАШАҒЫН
ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ

Угандада (өзге 30 африкалық елдегідей) бір жыныстық қарым-қатынас үшін қылмыстық жаза қарастырылған. Жаңа заң биліктің ЛГБТ-ға қарсы күресін одан сайын күшейтеді. Әр азамат ЛГБТ-қауымдастықтағы туыстары, достары немесе таныстары туралы билікке хабарлауға міндеттеледі. Аталмыш заң тұрғындар арасында зор қолдауға ие болды.

Парламентарийлердің бірі – Давид Багати: «Мен біздің балаларымыздың болашағын қорғайтын заңды қолдаймын. Бұл – егемендігіміз туралы заң. Ешкімнің бізге қоқан-лоққы жасауға қақысы жоқ», – деді.

ЕСТЕЛІК

Жаңа сабаққа он минөт кешігіп жеттік. Біз мінген троллейбусты орта жолда қырсық шалып, «арқасындағы ашасы» ток сымынан ажырап қалғаны ғой. Кеше курс

тәлкек еткісі келгені ме?!» деп іштей оқыс ширыға қалдым да:

– Енді не қыл дейсіз?– дедім түрегеліп.

– Шығыңыздар! Менің лекцияма қатысушы болмаңыздар! – деп тым

басынан өткергендерге жақсы мәлім шығар. Ешқашан үйде дайындалып қарқ болған емеспін. Менің де «сорыма қарай» дәп сол жылдары әлгі Никита Хрущев деген мылжың «көсем» бола қалар ма?! Бір күні анау жерде, бір күні мынау жерде көпіріп кеп сөйлейді де, гәзетті уақытында шығара алмай, көзіміз қып-қызыл болып, үсті-басымыз мыж-мыж болып, баспаханада түнеп те жүреміз. Баспахана жұмысы – қылаяғы әріп теруге дейін – қолмен атқарылатын қиямет. Балалы-шағалымыз. Содан кейін қайтейін, сабақ шіркінді университетке келе қузаймын. Ал Темкең маңайлатпады: – Маған емтихан тапсыру түсіңізге де кірмесін!» – деді. Деканатқа барып: «Басқа оқытушыға тапсыруға



жетекшіміздің «Ертең «Сатира теориясы» деп аталатын лекция басталады, оқытушы қатал, кешіккенді ұнатпайды» дегені есімізде. Есікті қақтым. Жанымдағы Тоқтарбек Қызықбаев: «Кіргізбей қойып жүрмесін?» – деп күңк етті. Есікті ашып:

– Кіруге бола ма? – дедім. Үстел басында отырған ықшам денелі жігіт бізге бұрыла бере:

– Кіріп байқаңыз! – деді. Дауысы ойнақы, жігерлі екен. Басы доп-домалақ, көзі дөп-дөңгелек. Бізге өзі бұрын көрмеген әлденеге таңданғандай кейіппен қарады.

– Сәлеметсіз бе? – деп өтіп кетіп, партамызға барып отырдық.

– Сіздерге кім «отыр» деді? – дейді оқытушы. Түрегеліп, шұқшия қарап қалған екен.

– Кіруге рұхсат сұрадық, сәлемдестік, әдейі кешіккен де жоқпыз, – дедім.

– Троллейбус сынып қалды, – деді Тоқтарбек.

– Троллейбустарыңда шаруам жоқ, рұқсатсыз неге отырғандарыңызды түсінбей тұрмын, – деді оқытушы. «Жасым жиырма жетідегі мені

қатты кетті.

Менің де шалқая салуым оп-оңай еді:

– Қатыспай-ақ қойдым!

Теориясыз да жазып жүрмін! – дедім де, шыға жөнелдім.

Темкеңмен, Темірбек Қожақеевпен, алғаш жүзбе-жүз танысуым солай болды. Журфактың сырттай оқыту бөлімінде екінші курста едім. Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» гәзетінің редакциясында жауапты хатшы кезім. «Сен қошқар болсаң, мен де қошқармын!» деп жүргендердің бірімін ғой. «Теориядан практика тумайды, практикадан теория туады!» деген қағидам да берік.

Сөйтіп Өскеменге «хвостпен» қайттық. Мезгілінде тапсырмаған емтиханың, зачетың «хвост» делінеді екен. Деканаттағылар одан келесі жылы құтылуға міндетті екенімізді ескертіп жіберді.

Келесі жылы Алматыға тағы жеттік. Сырттай оқудың «сыры» оны

БІЗДІҢ

жолдама беріңіздер», – деп едім, ондағылар: – «Сатираның иесі – Қожақеев. Басқалар ала алмайды да, біз де рұқсат бере алмаймыз!» – десті.

Арада үш жыл өтті. Темкеңнен бұйырған «хвост» та «орнында».

«Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясына жұмысқа орналасып, Алматыға көшіп келгенмін. Секретариат қызметкерінен сын бөлімінің меңгерушілігіне ауыстырылып та үлгіргенмін. Бір күні бөлмеміздің есігі тық-тық қағыла серпе ашылып:

– Рұқсат па? – деп саңқ еткен дауыс естілді. Жалт қарасам... бағжия қарап Темкең тұр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деген ғой, өзімнің сонау баяғыдағы «кіруге бола ма?» дегенім есіме сарт ете қалды да, күліп жібере жаздадым. Орнымнан тұрып:

– Рұқсат, кіріңіз, төрлетіңіз, мынау бос орынға жайғасыңыз! – деп әдейі шұбырта сөйлеп, қарсы қабырға іргесіндегі орындықты меңзедім.

Темкең оң қолын соза қасыма келіп:

– Мұнда неғып отырсың? – деді таңданысын жасырмай.

– Осында қызметтемін.

– Қашаннан бері? – дейді көзі дөңгелене түсіп.

– Үшінші жыл.

– Солай ма?! Құтты болсын!.. Неге айтпай жүрсің?

– Сүйінші сұрайын ба? – дедім еріксіз күліп жіберіп. Темкең де күліп, сол жақ қолтығындағы қампиған қара папкасын үстелдің шетіне қойып, орындыққа жайғасты.

– Сен... қызық екенсің, «орталарыңызға келдім» деуің керек еді ғой? – деп жымыңдайды.

болсын, білген шындығыңды айтуыңды қалайтын. Пікір таласынан тайсақтамайтын. Сенің қателігіңді дәлелдемей тынбайтын. Көп оқитыны, көп білетіні анық аңғарылып тұратын. Өзінің ағат тұжырымын да мойындайтын. Бірде лекциясының бір мысалы ретінде менің «Әркімнің бір есебі бар» деген сықақ әңгімемді тіліне тиек етіп, маған ойымда болмаған кінә тақты. Мен Өскеменде өзімізбен көрші тұрған бір бай қазақтың қайтыс болғаны, артында қалған «Волга» мәшинесінің, басқа да дүние-мүлкінің жолдас-жораларын қызықтырғаны туралы айтқанмын. Әңгімем облыстық газетте жарияланған.

– Қабышев бұл әңгімесін белгілі сатирик Пәленбаевтың түглен

– Қателесіп тұрсыз, – дедім.

– Қателесіп тұрған жоқпын, екеуінің мазмұны бірдей, – деді басын сәл қисайта, көзін өткірлей қарап.

– Мен сіздің орысыңыздың фельетонын оқымақ тұрғай, аты-жөнін естіген де емеспін.

– Мүмкін емес, ұқсастық тым айқын, мен ертең оның кітабын ала келейін, оқып көрелік! – деді.

– Көрсек көрелік!

Курстастар да:

– Оқиғаның ұқсас болуы мүмкін ғой?!.

– Өмір емес пе, өмірде не болмаушы еді?! – десіп қалды.

Ертеңінде әңгімем шыққан газет қиындысын ала бардым. Темкең кітапты ала келіпті. Мәскеулік сықақшының фельетондарының бәрінің соңында қай жылы, қай газет-журналда жарияланғаны көрсетілген екен. «Мен еліктегеніне» қарап едік, ол менің әңгімемнен бір жыл кейін жазылған болып шықты.

ТЕМКЕҢ

– Әлі де кеш емес деп ерулік берсеңіз, ал келдім, – дедім әзілдеп. Ол рахаттанып күліп:

– Ойланармыз, – деді де папкасын алып ашып, 4-5 парақ шығарды. – Сатира жайында мақала әкеліп едім, оны кім қарайды?

– Мен қараймын.

– Солай ма?... Қазір оқып бере аласың ба?

– Келесі нөмірдің материалын дайындап отырмын, қазір оқи алмаймын, қалдырыңыз, ертеңдер оқырмын.

– Келістік, олай болса, – деп мақаласын маған ұсынды да: – Сау бол! – деп есікке беттеді. Шыға бере бұрылып: – Айтпақшы, осы сенде «хвост» бар-ау деймін, содан құтыл, мен сағат кешкі алты-жетіге дейін орнымдамын, – деді жымып.

Темкең ашық сөйлескенді жақсы көретін. Қай тақырыпқа, қашан



фельетонына еліктеп жазған, оқығаны білініп тұр, – деп бір орыстың аты-жөнін, фельетонын атады (онысы қазір, әрине, есімде жоқ).

– Сіздің орысыңыз маған еліктепті-ау, ә? – дедім, мерейім үстем болған соң шоқтықтана әзілдеп.

– Ол тәйір алғыр сөйтіпті-ау шынында! – деп Темкең басын

шайқай күліп, кітапты жаба салды. Бәріміз, құдды анекдот естігендей, ду күлдік.

Темкеңнен жүздеген шәкірт дәріс тыңдады, тәрбие көрді. Көпшілігі оның білімдарлығына, турашылдығына, табандылығына, әзілкештігіне тәнті болса, кей-кейде кездесетін бірбеткейлігіне ренжіп жүрді де.

Маған диплом тақырыбын берген де, жетекшім болған да – Темкең. Диплом жұмысымды жазу, пікірлесу күндерінде түсінісе шүйіркелесіп жүрсек те, соңғы сәтте екеуміз тағы шекісіп қалдық. Жұмысымды



тәмәмдәп, түптеуге берер алдында қайталап мұқият оқыдым да, өзіме қалайда басы артық қайталау сияқтанған тұстарын қысқартып тастадым. Өйткенімді жетекшіме айту шарт емес деп білдім. Сонымен түптелген дипломым, мұқабаларын қоса есептегенде, отыз бетке жетпей қалды. Темкеңе алып барып едім, қатты кейіді.

– Бастапқыдағының жартысын қысқартып тастапсың ғой?.. Кім «қысқарт» деді саған?!

– Боссөзділікке салыныппын, бірыңғай фактілерді тізбелеппін, сол жерлерін қысқарттым, енді дұрыс болды, – деп бұра тарттым.

– Мына сияқты тылтиған диплом болмайды, қайтадан қарап шық, бұрынғы, мен қараған, келіскен тұстарды қос. «Боссөзділік». Сонда, сеніңше, мен де боссөзділікке салынып, дипломыңның артық-кемін білмеген екенмін ғой?! – деген Темкеңнің дауысы суи бастады.

– Темке, мен басқалардың жазғандарынан алған үзінділерді азайттым ғой, оларды андағыға қайтадан қосудың керегі жоқ, өз пікірлеріміз түгел, осы жетіп жатыр, еркіңіз! – деп кабинетінен шығып кеттім...

Диплом қорғау белгіленген күні айтылған аудиторияға бардым. Менің аты-жөнім аталғанда

– Сендей қыңырды көрген жоқпын, мейлің, – дей салды...

Біз үнемі кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Университетте. Жазушылар одағында. Дос-жолдастардың үйінде.

Темкең қазақ сатирасының тарихы, қалыптасу, даму жылдары мен жолдары жайында қыруар еңбек жазды. Інілері

БІЗДІҢ

Темкең тұрды. Жүзі жылы. Диплом жұмысымды көтере ұстап:

– Ғаббас жолдастың сатира жайында жазғаны шәкірттің дәптерінен аспапты, міне, – дегенде күлгендер болды. «Қағаз жетпеген ғой», «сиясы таусылып қалған шығар» деп. Темкең:

– Мүмкін, мүмкін, – деп басын изей жымыңдады да:

– Жарайды, Ғаббастай қысқа жазғанды көрмегені сөзсіз оппонентіне тапсырайық, не дер екен, «қысқа да нұсқа» дей ме, әлде... – деді жайдары жымып...

Дипломымның еншісі «5» болды. Темкеңнің қолынан алдым. «Сен кідіре тұр, бір әңгіме бар» деді сыбырлай сөйлеп.

Әрине, кідірдім. Жиналған жұрт тарады. Темкең:

– Ғаббас, сен соискатель бол, «Сәкен Сейфуллин творчествосындағы сатира» деген тақырып бар, соны ал, өзім жетекшілік етемін, – деді. Мен:

– Темке, тәңір тілеуіңізді берсін, мені енді қинамаңызшы, менен ғалым шықпайды, мектепте он жыл, мұнда алты жыл оқығаным жетеді маған, – деп бар-жоқ шынымды айттым. Ол басын бір шайқап:

қатарындағы біздің біразымыздың шығармаларымызды талдап, бағалап, ұстазымыз болды.

Менің жасым елуге толғанда «Егемен Қазақстан» гәзетіне «Бұл қай Ғаббас?» деген мақаласы шықты. Ерекше бір тәсілмен тартымды жазған. Оқып, көңілім көншіп, телефон шалып, сәлем беріп, алғысымды жаудырып:

– Темке, «Бұл қай Ғаббас?» деген екенсіз, соның қай Ғаббас екенін біле алмай-ақ қойдым, біле алмағандар жүздеп бар шығар, – дедім. Темкең күліп:

– И-и-иә, өзіңді өзің тани алмадың ба? – деді.

– Қалай тануым керек? Менің фамилиям – Қабышев, ал оның фамилиясы жоқ.

– Не дейді?!

– Шынында жоқ.

– Тоқтай тұр, қазір, қазір...

Бір минөт шамалы үзіліс болды да, қағаздың сыбдыры естілді. Темкең гәзетті алып келсе керек, сыбдырға «қазір, қазір» дегені ілесіп, сәлден соң сыбдыр басылып, Темкеңнің жеңіл күлкісі естілді:

– Мынау қызық екен, сенің фамилияңды жазбағаным қалай? Бұл, не десек те, журналистикамыздағы «тарихи

жаңалық» болды, ә? – деп өзін-өзі қыжырта ашық күлді. Мен де ілестім...

Ұстаз ағаның 70 жылдығында біз де аянып қалған жоқпыз, университеттегі тойын өткізістік, бір тобымыз Меркедегі мерекесінде де бірге болдық. Меншікті «Волга» мәшинесіне аз мінген жоқпыз, «Е, менде көлік бар ғой, жүріңдер, ал кеттік!» деп күлетін.

душар болып жүргендерін айтып берді де: «Біздің тиісті орындарға жазып, айтысып жүргеніміз өз алдына, енді осының бәрін баспасөз бетіне өзімізден басқа адам шығарса

тәтті ғой, соларға ренжімей-ақ қояйық», – деп салқын жымыды.

Екі-үш күннен кейін телефон шалған Темкең: «Ғаббас, мақалаңды Сабыржан Шүкіров гәзетіне

ТЕМКЕҢ



1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін желіге жынданған «колбин-камалиденов блогы» жоғары оқу орындарымыздағы зиялыларымызға көп қиянат жасады ғой. Ешбір жазығы болмаса да, Темкең де қызметінен, партия қатарынан шығарылды.

1989 жылдың қаңтары болар, бір күні кеш бата бере үй телефоным шылдырлады. Темкең екен. «Ғаббас, сенімен кездесуім керек, уақытың қалай?» дейді. «О, Темке, келіңіз, күтеміз!» дедім. Темкең: «Мен жалғыз емеспін және үйде айтылмайтын әңгімемен барамыз, жарты сағаттан соң сыртқа шық» деді. Ұстаздың үнінде шыңыл бар. «Не әңгіме екен?» деп сәл таңдандым да, айтқан уақытында үйден шықтым. Темкеңнің жанында сыпайы өңді жігіт ағасы бар екен. Сәлемдестік. «Бұл ағаң – профессор Сәкең Досымбеков, ал сені таныстырып қойдым, әңгімені бастайын» деді Темкең. Пионерлер сарайының ауласына кіріп, шеткерірек ұзын орындыққа отырдық.

«Өзің де естіп-біліп жүрсің» деп сөз бастаған ұстазым қиянатқа ұшыраған өздерінің әділдік іздеу жолында сан қилы алдау-арбауға

деп саған келдік, қалай қарайсың?» деді. «Темке-ау, мен дайынмын ғой, бірақ баса қояр гәзет табылмас» дедім. «Сен жазып, апарып сөйлесіп көр, көнбесе қайтеміз, сабаймыз ба, өзіміз сабалып жүргенде» деп ащы мырс етті. Қысқасы: Темкең «колбин-камалиденов, тағы басқалардың» қиқуымен өзіміздің университеттен және төрт институттан қуылған жиыны 14 ұстаз ғалымның аты-жөндерін айтты, мен қойын дәптеріме жазып алдым.

Ойсыздардың озбырлығына қарсы мақаламды ертеңінде «Социалистік Қазақстан» бастаған республикалық гәзеттерге ұсынып едім, редакторлардың ешқайсысы қабылдамады. Құдды бар-ау, ол мақаланы жарияласа, дереу жер аударылатындай безектеді. Ұстазға телефон шалып: «Темке, әрекетім іске аспады, өзіңіздің шәкірттеріңіз болған редакторлардың бәрі ат-тондарын ала қашты, енді амалым жоқ, бір данасы өзіңізде болсын», – дедім де, мақаламды ертеңінде апарып бердім. Көзіне ой тұнған Темкең оны шолып отырып: «Бәріміздің де жоқшымыз болған екенсің, Ғабеке, саған көп-көп рахмет!.. Өзің атаған анау редакторлар... қайтсін, жандары

шығаратын болды, қорықпады, азамат екен!» деді қуанышын жасырмай. Мен Сабыржанды сырттай ғана білетінмін, ақиқатты арқау еткен батыл мақалаларын оқып жүргенмін. «Сұхбат» деген гәзет ашып, бас редактор болғанын естігенмін. «Сенім сөніп қалмай ма?» деп аталған мақалам расында сол гәзетте 1989-жылдың ақпанында жарияланды.

Қатаң талапшыл, әділ, турашыл, қағытпа сөзге шебер, қатқылдау мінезді ұстазымыз Темкең бірсөзді шәкірттерін, олардың арасынан Үмбекеңді, Үмбетбай Уайдинді, ерекше жақсы көретін, азаматтық адалдығын, әділдігін, іскерлігін бағалайтын. Үмбекең екеуімізді жолықтарған сайын:

– Е, Штепсель мен Тарапунькаға ұқсап, екеуің қайда кетіп барасыңдар? – деп шын мейірлене күлетін.

Қайран Ұстаз, Аға Темкең!..

Ортамызға оралмасқа аттанып

кеткеніне
20 жыл болып
қалды.



**Ғаббас
ҚАБЫШҰЛЫ**
(05.03.2023 ж.)

ТҮРІКТІҢ TOGG T10X ДЕП АТАЛАТЫН ОТАНДЫҚ ТҰҢҒЫШ ЭЛЕКТРОМОБИЛІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЕКЕУІНІҢ КІЛТІ ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ РЕЖЕП ТАЙЫП ЕРДОҒАН МЕН ЗАЙЫБЫ ЭМИНЕ ЕРДОҒАНҒА ТАРТУ ЕТІЛДІ. ОЛАР КӨЛІКПЕН ЖҮРІП КӨРІП, ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА БОЛҒАНДАРҒА АЛҒЫС БІЛДІРІП, ТҰТАС ТҮРІК ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ.



TOGG – ТҮРІКТІҢ МАҚТАНЫШЫ

Сарапшылар бұл Түркия Республикасының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында үлкен жетістік деп бағалауда. Ердоған салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде «Барлығымыз түрік халқының 60 жылдан бері келе жатқан асыл арманының жүзеге асуының куәсі болдық», – деді. Сондай-ақ ол Togg Түркияның технологиялық, экономикалық дамуының және жаһандық беделінің символы екенін атап өтті.

TOGG (Türkiye'nin Otomobili Girişim Grubu) деген сөз яғни аббревиатура. Қазақшаласақ, «Түркияның Автомобилі Іскерлік Тобы» деген сөздердің бас әріптерінің жиынтығы. Бұл топ 2018 жылы түріктің бірнеше ірі компанияларының ортақ мақсатқа жұмылуы арқылы құрылды.

Түріктер отандық көлікті асыға күтті. Togg бағасы ақпан айында жарияланып, алдын ала тапсырыстар беріле бастады. Togg көлігінің бағалары моделі мен күшіне қарай 935.000 лирадан бастап (шамамен



21 700 000 теңге) 1.215.000 лира (28 196 000 теңге) аралығында.

Электркөлікке бір айдың ішінде 177 мың тапсырыс түскен. Тек алғашқы жылы бар-жоғы 20 мың көлік шығарылады. TOGG компаниясының

басқарма төрағасы Гүржан Каракаштың айтуынша, 2030 жылға қарай бір миллион көлік шығару жоспарланып отыр. Бурсада 1,2 млн шаршы метр аумақты алып жатқан ең соңғы технологиялармен жабдықталған өндіріс орны әр 3 минут сайын 1 көлік құрастырып шығара алады. Заманауи зауыт 175 мың электркар шығаруға қауқарлы. Қазір 1400 кісі жұмыс істейтін өндіріс орны алда олардың санын 4 мың 300-ге жеткізбек.

Жаңа буын технологиясына негізделген көліктер 2024 жылдың күзіне қарай Еуропа нарығына сатылымға шығарылады.

Түркияның 81 өңірінде көлікті қуаттайтын 1000 құрылғы орнатылмақ. Ара қашықтығы 25 және 50 шақырым сайын қойылатын

арнайы стансалардан электркөлікті 180 KB ve 300 KB болатын құрылғылар арқылы шамамен жарты сағатта қуаттап алуға болады.

ЕРЖАН ТӨЛЕК

**Бас редактор —
директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас директордың
орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)